

Бірінші үнхабар.

Құрметті достар!

Бүгін 2012 жылдың 16 қыркүйегінде Алматыда ұйымдастырылып отырған TEDx іс-шарасында бас қосып отырмыз. Бұл шараның ең басты мақсаты әлемді ғажайып істерімен ғажап реңкке бөлей алатын адамдарды бір жерге жинау, ой бөлісу. Ұйымдастырушылар «Әлемді өзгертуді өзіңнен баста» деген ойды «Қалаңды өзгертуді өзіңнен баста» деген ойға ұштастырып отыр.

Өз тарапымнан мен сіздерді сүйікті қаламыз Алматыны өзгертуге септігін тигізетін идеяларды тыңдауға шақырамын. Тыңдап қана қоймай өздерімізге ұнаған идеялардың жүзеге асуына жұмыла қатысайық дегім келеді. Мен TEDx Алматыдан көп үміт күттім, үмітімнің ақталғанына ризамын. Бір өкініштісі, өзім осы жерде көргім келген мамандар мен студенттердің болмауы. Қате түсінбеңіздер, адам көп болды, ортасынан ешкім кетіп қалмады. Соңына дейін зал адамға толы болды.

Осы шараға баруға дайындалып жүргенде үнхабар дайындайыншы деген ой келді. Алғашқы жоспарым бойынша кіріспе сөзді өзім дайындап, сонан кейін осы шараға келген адамдармен сұхбаттасып, пікірлерін жазып алып, әдемі бір үнхабар дайындау еді. Бірақ бұл жоспарым біраз өзгеріске ұшырады, сондықтан тек қана менің ойымды тыңдауларыңызға тура келеді.

Сонымен TEDx Алматы қалай өтті? Бағдарламада көрсетілген 12 адамның 11-і өз ойларын айтты, шешендік шеберліктерін көрсетіп, жиналғандарды біраз тамсандырды. Өзіме қатты ұнаған сөйлеушілер Жания Аубакирова, Алмаз Шарман, Бабур Тольбаев, Рауан Кенжеханұлы.

Жания Аубакирова классикалық музыканы қалай тыңдау керек, жоғары деңгейде орындалған шығарма мен әлі тәжірибесіз орындаушыны қалай ажыратуға болатынына тоқталды. Сонымен бірге музыканың күші, жиналған жұртты баурап алып бәрін бір әдемі ортақ сезімге бөлейтін күші туралы айтты. Қала тұрғындары музыка тыңдау арқылы өмірді, жан дүниені жаңарту арқылы қалаңа да өзгеріс әкелетіні туралы ой қозғады. Қырғызстаннан келген Бабур Тольбаев жиналғандарды өзінің эзілқойлығымен, ашықтығымен, жарқын дауысымен, аудиторияны қызықтыра білу жолдарын орындауымен баурап алды. Жиналғандар біресе күліп, біресе тып-тыныш отырып ойланып қалып, ду қол шапалақтап өз ризашылығын білдірді.

Айта берсе сөз көп, әрине. Енді осы шарада қамтылған ең өзекті тақырыптарға тоқталып өтейін. Олар: қаланы лас ауадан, машинаның газынан қалай тазартуға болады, көгалдандыру, арықтарды қалпына келтіру, машинаның орнына велосипед тебудің жағымды жақтары, салауатты өмір салтын ұстанып, денсаулыққа пайдалы нәрселермен шұғылдану, тамақ ішетін орындарда өзіндік бір атмосфера орнату арқылы қала тұрғындарын өзін ұстаудың басқа бір мәнерлеріне тәрбиелеу сияқты ойлар қамтылды.

Сөз соңында мынаны айта кетейін: көп нәрсе өз қолымызда екенін білемін, бұл шарадан кейін біздің қаламызда тек ойлап немесе армандап қана қоймай, сонымен бірге армандарды шындыққа айналдырып жатқан адамдардың көптігіне көзім жетті. Солардың бірі болғым келеді, солармен бірге болғым келеді. Сіздер де қаламыздың көркеюіне, өзгеруіне ат салысыңыздар, ойларыңызбен бөлісіңіздер.

Сіздерге деген құрметпен осы үнхабарды дайындаған Бакытгүл Салыхова.

Алматы қаласы 16 қыркүйек 2012 жыл.